



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

учеников и помогают учителям осуществлять учебный процесс и в будущем подготовиться к успешной аттестации педагога.

3. Совершенствовать свое педагогическое мастерство, обучаясь в магистратуре, аспирантуре, становиться соискателем на педагогических и других кафедрах вузов и научно-исследовательских институтов, разрабатывать методические рекомендации и пособия по вопросам учебно-воспитательной деятельности, защищать диссертации, заниматься саморазвитием и самообразованием на протяжении всей жизни, быть открытым для изучения современных педагогических технологий, соответствовать реалиям современной жизни. Это занятие для учителя остается профессиональной функцией на всю его трудовую деятельность.

Список литературы:

1. Дяченко Э.В. Первые шаги в профессию // журнал Молодой ученый. - 2016. - № 12 - С. 5-6.
2. Дуг Лемов. Мастерство учителя. Проверенные методики выдающихся преподавателей / пер.с англ. О. Медведь. - М.: Манн, Иванов и Фербер, 2014 - 416 с.
3. Дирксен Дж. Искусство обучать, как сделать любое обучение нескучным и эффективным/ - М.: Манн, Иванов и Фербер, 2013
4. Руководство для учителя. Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2017 – с.7-45.
5. Петерсон К. Век живи – век учись, найдите стиль обучения, подходящий именно вам/пер. с англ. Н. Брагина. - М.: Манн, Иванов и Фербер, 2018 –с.14
6. Боулер Д. Безграничный разум. Учиться, учить и жить без ограничений. / пер.с англ. П.Бавин, Г.Гончарова - М.: Манн, Иванов и Фербер, 2020.-с.320

ӘОЖ.82.0(574)

ПЕДАГОГИКАДА ЖАҢА БІЛІМ-ЖАҢАЛЫҚҚА ҰМТЫЛЫС

Таскалиева Мирамкул Нығметқызы,
жаңа ауыл жалпы білім беретін мектебі
көшбасшы ұстаз Қостанай облысы
Амангелді ауданы

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу – тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім беру парадигмасы өзгергендігі туралы және жаңа мазмұнды білімнің, жаңа көзқарастың идеясы мектеп жұмысына енгізілгені нақты өзгерістермен негізделі отырып жазылған. Жаңартылған педагогикалық технологияларды сонымен қатар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалану арқылы білім сапасының алға жылжуына бет-бұрыс жасалғандығы айтылады. Оқушыны дербестікке, ізденпаздыққа, шығармашылыққа баулу жұмыстары жүзеге асырылып жатқандығы белгілі нәтижелермен көрінеді.

Түйін сөздер: білім беру, тәрбие, әдістер, интерактивтік әдіс.

Аннотация

Актуальность и цель. Сейчас в нашей независимой стране образуется новая система образования, направленная на то, чтобы войти во всемирную образовательную систему. Меняется парадигма и содержание образования, основанная на новых идеях и формах работы школы. В данной работе рассказывается как на основе использования новых педагогических технологий и интерактивных методов повышается качество знания. Наглядно видно как ученики учатся творчеству, самостоятельности, поисковой работе.

Ключевые слова: образование, воспитание, методы, интерактивный метод.

Abstract

Relevance and goal. At present, a new system of education is being developed in the sovereign country and is moving towards entering the world educational space. This is due to significant changes in the educational process. It is written that the educational paradigm has changed and the idea of a new content of knowledge, a new approach to school work is based on real changes. The results of the work on attracting students to independence, inquisitiveness and creativity are obvious.

Keywords: education, upbringing, methods, interactive method.

Әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылды. Бұл үрдіс оқу - тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі

бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, мұғалім іс – әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

XXI ғасыр озық технологиялар ғасыры:

- Білім мазмұнын жаңарту;
- Оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдері;
- Шынайы бағалау жүйесі;
- Білім беру ортасын жаңарту;
- Өмір бойы білім алу.

Мектепті басқарудың инновациялық және ашық жүйесі барлық осы жаңалықтар мен өзгерістер озық технологиялар нәтижесінде келеді. Бұрын дәстүрлі оқыту оқушыларға дайын білімді, жаттанды дағдыны қалыптастырса, жаңа білім мазмұны баланы жарқын даму аймағында оқытады. Яғни баланың білім алуына ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр.

Осы мақсатта білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылды. Бұл еліміздің барлық мектептерінде жүзеге асуда. Соның ішінде біздің мектебіміздеде жаңалықты өнгізулер жүріп жатыр.

Өзгеріс әрине бірден келмейді. Бірнеше жылдар аралығында сатылап келетін құбылыс. Біздің мектепке де өзгеріс бірден келмегенін білеміз.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарымен міндеттерін орындау барысында Н.Назарбаев зиякерлік мектептерінде өзгермелі өмірге бірінші ретте мұғалімдерді даярлық курстарынан өткізді. Мұғалімдерді оқу бағдарламасына енгізілген өзгерістермен пәндік салалардағы әзірлемелермен жаңа технология әдіс – тәсілдерімен білімдерін жетілдірді. Деңгейлік курстарың I ілгері деңгейді аяқтаған екі мұғалім көшбасшылық, мектепті дамыту сияқты өз қызметтері аясында (коучингтер, тренингтік сабақтар, Lesson stadu, мектеп, оқушы, ата-ана қажеттігін ескере отырып жаңаша жоспарлау т.б) оқу үдерісі мен оқушыны дамыту жұмыстарын, қандай өзгерістер болып жатқандығы және қандай стратегиялармен жұмыс жасау, оқушының дербес қасиеттеріне үңілу, олардың ішкі мүмкіндіктерін ашу жолдарын үйрете отырып ақпараттар жинауға тура келді. Жаңалықтармен таныса отырып оларды тәжірибемізге енгізуге талпындық.

Білім мазмұнын жаңарту, - оқу бағдарламасының жаңа мазмұнын оқып үйрендік. Әр жылғы әдістемелік нұсқаулық хаттарменмен танысып онда жазылған талаптармен міндеттерді орындауға қалыптасып келеміз. Мектептің әр жылғы даму жоспары бар. Даму жоспары мектептің проблемалық өзекті мәселелерін шешуге арналып құрылды. Мұғалімдердің, оқушылардың алға ілгерілеуін қандағалай отырып, кері байланыс ұсынылады. Сабақты зерттей отырып оқушының деңгейін анықтап, оқушы қажетіне сай сабақ жоспарын қайта құруға дағдыландық. (Lesson stadu). Мектеп бойынша 18-20 сынып компоненттері болса соның ішінде 10 сыныптың үш деңгейлі оқушылары зерттеліп, сабақтары бақыланды. Нәтижесінде рефлексиялық шынайы есеп беруді үйрендік. Сабақ жоспарлары Ұзақ, орта, қысқа мерзімдегі сипатта жасалды. Әр сабаққа мұғалімдердермен бірлескен шынайы жоспарлар жасалып оқушы қажеттігіне сай сабақтар өткізілуде.

Оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдері, - топтық жұмыстарды ұйымдастыра отырып әдіс –тәсілдерді сабақтарға қолдану барысында оқушыға қалай оқу керектігін үйреттік. Оқытудың 50 ге тарта әдіс-тәсілдерінің ішінен әр сабақтың ғылыми танымдық ерекшеліктеріне байланысты педагогикалық тәсілдерді үйрендік. III деңгейлі мұғалімдер сабақта оқушы көшбасшылығын дамытуға күш салады. Сабақтарда инновациялық әдіс-тәсілдерді үнемі қолданады. Сонымен қатар іс-тәжірибелік жұмыстармен бір-біріне үйретуде. «Таным» кәсіби қауымдастығы мектеп ішілік әдістемелік жұмыстарға құрылған орталық болып есептеледі. Бұл қауымдастық жұмысын I ілгері деңгей көшбасшы ұстаздар жүргізеді.

Шынайы бағалау жүйесі – 5 баллдық жүйемен қанағаттануды қойып, қазіргі таңда оқушыларды критерииалды бағалау 10 баллдық бағалау жүйесімен жұмыс жасаудамыз. 10 баллдық жүйе барысында сабақта баға қалыптастырушы бағалау үшін бала қабілетіне қарай дискрипторлар арқылы 10 балл негізінде қойылады. 10 баллдық баға оқушылардың білімін шынайы бағалау мен қатар өз білімін саралауда өте тиімді. Бұрын 5 баллдық жүйеде 2,3,4,5 деген сандармени шектелетін. Оқушы өз білімінің қашалықты деңгейде көрінгенін жаттанды сандармен көретін. Өз білімін сараламайтын. Өзгенің пікірін естімей тек мұғалімнің қойған 5 балдық жүйесімен қанағаттанатын. Жеке сабақтың арнайы өлшемдері критерийлері болмайтын, білім сапасы шынайы бағаланбайтын. Ал қазір әр сабақтың мақсатына сәйкес критерийлер құрылып, оқушы білімінің негізгі деңгейі айқын көрініп, олқылықтары да дер кезінде қаралып бағыт- бағдар беріледі. Сондай-ақ мұғалімге деген өкпе-реніш болмайды, себебі өз білімінің әділ бағаланатынына сенімді болады.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша – оқушы ынтымақтастық орта құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуге үйренуде. Нәтижесінде: Тіл сабақтарында жәй эссе жазудан көлемді шығарма жазуға дейін, оқушы бойына

қажетті 4 дағдыны: тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым қалыптастыруға ықпал етті. Математика сабақтарында логикалық ойлаудың күрделенуі, жаратылыстану пәндері бойынша зерттеу, болжау арқылы ғылыми ұғымдарды түсіну т.б. дағдылары қалыптасып келеді. Нәтижесінде: жеке көзқарасы бар, күрделі мәтіндерді құра алатын, өз ойын еркін жеткізетін, сөздік қоры жетілген, ғылыми тұрғыда аз да болса пайымдай алатын бәсекеге қабілетті оқушылар қалыптасып келетіндігін айтқым келеді. Оған дәлел оқушылар қатысып жатқан түрлі білім сайыстары, қашықтық олимпиадалар, ғылыми жобаларға қатысу қарқындығы жылдан жылға жоғары дәрежеде көрінуде. Мысалы 2018-19 оқу жылының өзінде гуманитарлық пәндер бойынша аудандық 10-12 жүлделі орындар оның 2-уі облыстық, 2 республикалық. Жаратылыстану пәндерінен 5 аудандық 3 облыстық, 5 республикалық орындардың болуы, халықаралық деңгейдегі білім сайыстарында 4 оқушы жүлделі орын, қашықтық олимпиадаларда 12 оқушы арнайы дипломдармен марапатталуы жақсылықтың айғағы. 2012-2014ж. аудандық пән олимпиадасында әр пән бойынша 4-5 жүлделі орынды ғана иеленсе, 2019-21 оқу жылы аралығында 10-12 жүлделі орынды иеленген. Бұл көрсеткіштен жылдан жылға оқушылардың жоғары деңгейге көтеріліп келе жатқандығын көреміз. Білім сапасы да бұрнағы жылдарға қарағанда жоғарғы көрсеткіш көрсетуде. Шалғайда жатқан, материалдық базасы қиындық тудыратын шағын мектепке бұл көрсеткіштер көштен қалмай бәсекеге қабілетті оқушы мен ұстаз жауапкершілігін көрсетеді деп ойлаймын. Білімге бетбұрыс, табысқа жету жауапкершілікпен орындалып келетіндігі көрінеді. Ұстаздардың да халықаралық, республика, облыс, аудан көлеміндегі байқау сайыстардан алған бірнеше жүлделі орындары да оқушыларды бәсекеге қабілетті тәрбиелей отырып, өздеріде үлгі болатындығын көрсетеді. Мектепте 7 ұстаздың Республикалық байқауларға қатысып жоғары дәрежелі дипломдармен арнайы атақпен төс белгімен марапатталуы осы жетістіктердің айғағы.

Өмір бойы білім алу. Бұрын курстардан өтті деген ғана түсінік болатын. Ал қазір біліктілік курстар арқылы әр мұғалім жаңартылған бағдарлама бойынша педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдана алатын нәтижеге жетті. Оқып келгенін ұжымға үйретеді. Немесе өз тәжірибесіне енгізуге ұмтылады. Мектеп бойынша 37 мұғалім болса, соның 25-і жаңартылған білім бойынша жетеуі Н. Назарбаев зияткерлік мектебі деңгейлік курстан өтіп, сертификатталған. Бұл кәсіби даму мен білім алудың 60-70% құрайды. Яғни жаңартылған білім мазмұнын педагогикалық ұжымның жартысынан көбі игеріп келеді деген сөз. Сонымен қатар жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұнымен жүйесінде білім алушыны өмірде өз орнын таба білетіндей маман болуына бағытталынған. Осы уақытқа дейін түлектерді әр түрлі ықпалмен мамандық таңдатып, соңында оқыған мамандықтары бойынша жұмысқа орналаса алмағандары бәрімізге белгілі. Ал бұл бағдарламада қарапайымнан күрделіге өту қағидаты бойынша жүргізіледі. Мысалы: жәй есседен повесть жазуға дейін дағдыға ие болатындай тілдік сөздік қорын шыңдау. Қарапайым есептен күрделенген логикалық есепті құрастыру нәтижесін көру. Оқушының дағдылары сыныптан сыныпқа қайталанып күрделенген түрде тексеріліп отырылады. Соңғы жылдары түлектеріміз жылдан жылға өздері қалаған мамандықтардың гранттарын иеленуде 2014-2015ж.-2 грант, 2016ж.-4 грант, 2017ж.-11 грант, 2018ж.-14 грант, 2019ж.-20 грант, 2020-21ж.-18 грант пен ЖОО әр түрлі мамандықтар бойынша оқуға түсіп, дәріс алуда.

Мектепті басқарудың инновациялық және ашық жүйесі яғни демократияландыру мектептің даму жоспарынан бастап сыныптың жоспарын Оқушы, мұғалім ата-ана қажеттігіне сай шынайы жоспарлау іске асырылуда. Барлық іс –шаралар оқушылардың өмірде жол тауып, шешім қабылдауына үйрететін, ойларын ашық, еркін жеткізетіндей бағытта құрылады. Қорыта келе, Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Мұғалім қандай болса, мектеп хәм сондай болмақшы, яғни ұстаз білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шыкпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін ұстаз» – деп айтқан болатын. XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Ендеше әлемдік деңгейге жету үшін ұстаздың шығармашылық қабілеті, жаңашылдық әрекеттері, біліктілігі керек екендігін түсіне білейік. Жаңа білім бізге үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық -2014-15жж. 1-10б.
2. Білімдегі жаңалықтар журналы- 2020ж №4 10-12б:
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы –Алматы 2010, 4б:
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы – Астана 2005. 28-30б